



Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі "КАТЭП" Ұлттық акционерлік компаниясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1993 жылғы 31 тамыз N 752. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.02.24. N 130 қаулысымен. ~P980130

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Атом энергетикасы мен өнеркәсібі кәсіпорындарының Қазақ мемлекеттік корпорациясы Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі "КАТЭП" Ұлттық акционерлік компаниясы (бұдан былай - "КАТЭП" ҰАК) болып қайта құрылсын.
< * >

"КАТЭП" ҰАК атом энергетикасы мен өнеркәсібі кәсіпорындарының Қазақ мемлекеттік корпорациясының заңды мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

"КАТЭП" ҰАК өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырушы жабық түрдегі акционерлік компаниясы болып табылады деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.11.22. N 1430 қаулысымен. P961430_2 < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1996.11.22. N 1430 қаулысымен.

3. Сыртқы нарықта демпинг процестеріне жол бермеу үшін "КАТЭП" ҰАК-на өндірілетін уран, сирек кездесетін және сирек металл өнімдерін сыртқы нарыққа шығару бойынша мемлекеттік экспорттаушы құқығы берілсін, компанияға аталған өнім түрлерін шығаруға, өндіруге және сатуға бақылау жасау, өнім өндіруші кәсіпорындар арасында жөнелтілім жөніндегі квоталарды бөлу, аталған материалдарды экспортқа жіберуді лицензиялауға қатысу жүктелсін.
Экспорттаушы құқығы:

ядролық материалдарды, жабдықтарды, стратегиялық минералдық шикізатты және технологияларды пайдалану туралы МАГАТЭ-нің және басқа да халықаралық келісімдердің ережелері мен принциптері орындалған;

ядролық материалдарды, жабдықтарды, стратегиялық минералдық шикізатты және технологияларды өндіру мен сатудың есебі уран жөнелту туралы халықаралық ережелер мен нормаларға, демпингке қарсы мемлекетаралық келісімдерге сәйкес ұйымдастырылған;

шетелдік әріптестермен ынтымақтастық және ядролық материалдар сату жөнінде жыл сайын (немесе ұзақ мерзімді контракттар қолданылатын мерзім бойына) шарттар жасасылған ретте беріледі.

Осы мақсатта "КАТЭП" ҰАК-сы аталған өнімдерді жөнелту жөнінде кәсіпорындардың шетелдік тұтынушылармен бұрын жасасылған контракттарын қайта қарауды қамтамасыз етіп, оларды осы қаулыға сәйкестендірсін.

Ескерту. 3-баптың 1 абзацы "КАТЭП" Ұлттық акционерлік компаниясына өндірілетін уран, сирек және сирек кездесетін металдар өнімдерін мемлекеттік экспорттаушы, аталған өнім түрлерін сатуға бақылау жасау және аталған материалдарды экспортқа беріп тұруды лицензиялауға қатысу құқығын беруге қатысты бөлігінде күшін жойған деп танылсын - ҚРМК-нің 1994.03.14. N 260 қаулысымен.

4 . < * >

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.11.22. N 1430 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

бір айлық мерзімде белгіленген тәртіп бойынша "КАТЭП" ҰАК-сын құрсын.<
* >

6 . < * >

7 . < * >

8 . < * >

9 . < * >

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың 3,4,5,6-абзацтары және 6,7,8,9-тармақтар күшін жойды - ҚРҰ-нің 1996.11.22. N 1430 қаулысымен.

10. Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі "КАТЭП" Ұлттық акционерлік компаниясының Басқармасы Алматы қаласында, "Волковгеология" кәсіпорнының үйінде орналастырылсын.

11. Мемлекеттік басқару органдары, жергілікті әкімдер "КАТЭП" ҰАК-ның және оның құрамына кіретін кәсіпорындардың қызметіне байланысты мәселелерді жедел түрде шешуге көмектессін.

12. "Атом энергетикасы мен өнеркәсібі кәсіпорындарының Қазақ мемлекеттік корпорациясы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 12 ақпандағы N 111 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ, 1992 ж., N 5, 94-бап) күші жойылған деп саналсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК